

**ПОМОР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ СЛУПСКИДЕГІ  
НЕОФИЛОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ АБАЙ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҒЫЛЫМЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ**

Абай Құнанбаевтың 175-жылдығына арналған  
**АБАЙ: ФИЛОСОФИЯ, ПОЭТИКА, РЕЦЕПЦИЯ**  
Халықаралық ғылыми семинар жұмысына қатысуға  
шақырады

Семинардың өткізілетін күні: **2019ж. 16-17 қазан**

Семинардың өткізілетін орны: Помор Академиясының Слупскдегі Неофилология  
Институты, Абай атындағы қазақ Мәдениеті мен ғылымының орталығы

Семинарға қатысушылардың тұратын орны: Помор Академиясының Слупскдегі  
қонақүй типтес жатақханасы

Қатысу түрі: тікелей

Жұмыс тілі: *орыс, поляк*

Сөз сөйлеу уақыты: *20 минут*

Өтініш беру уақыты: **2019 ж. 10 қыркүйек.**

Өтініш беру үшін E-mail: [abaicentrum@apsl.edu.pl](mailto:abaicentrum@apsl.edu.pl)

Семинар аясында қазақ философы, ақын әрі композитор Абай Құнанбаевтың шығармашылығына байланысты мәселелерді кең көлемде талқылау жоспарланған. Семинар жұмысы Абай атындағы қазақ Мәдениеті мен ғылымы орталығының Абай Құнанбаевтың 175-жылдығына орайластырылған ғылыми және мәдени шараларымен басталады. Семинарда төмендегідей **түйінді мәселелерді** талдау ұсынылады:

- Абай әлемдік әдеби контексте;
- Шетелдердегі Абай шығармашылығының рецепциясы;

- Қазақстан мәдениеті мен ғылымының дамуындағы Абайдың орны;
- Абай қазіргі кезеңнің мәдени-ақпараттық кеңістігінде;
- Абай шығармашылығындағы онтологиялық мәселелер;
- Абай және көшпелі халықтардың еуропалық интеграция мәселелері;
- Қазіргі әлемнің өзекті философиялық мәселелері контекстіндегі Абай тұлғасы және шығармашылығы;
- Абайдың «Қара сөздері»: поэтика және рецепция.

Мәлімдемелер тақырыбын кеңейтуге әрі жоғарыда көрсетілген мәселелермен шектелмеуге болады. Семинардың басты мақсаты Абай Құнанбаевтың идеяларының қазіргі кезеңдегі өзектілігімен байланысты пәнаралық сипаттағы түрлі сұрақтың жауабын қарастыруға саяды.

Ұйымдық мәселе қарастырылмайды. Жол шығынын семинарға қатысушылардың өзі көтереді. Семинарды ұйымдастырушылар қатысушылардың жатақхана типтес қонақүйде тегін тұруын қамтамасыз етеді, сондай-ақ семинардың бірінші күні тегін түскі ас және үзіліс кезінде кофе ұсынады. Ұйымдастырушы орган Варшавадан Слупскиге дейінгі көлік қатынасы жөнінде ақпараттық қолдау көрсетуге дайын. Семинарға қатысушыларды Слупск қаласындағы вокзалда күтіп алу мүмкіндігі ескерілген. Семинарға қатысушыға **жеке сертификат** беріледі. Материалдарды жариялау қарастырылмаған.

Ізгі тілекпен,

**Ұйымдастырушылар комитетінің**

**Төрайымы : Профессор Danuta Gierczyńska,**

**Ұйымдастырушылар комитетінің  
мүшелері:**

Максим Понаморенко

Кинга Понаморенко